6) кластер кәсіпорындары шығаратын өнімнің сапасын арттыру бойынша іс-шараларды ұйымдастыру (сынақ, оның ішінде сертификаттау базалары және/немесе зертханалары);

7) кластерді жалпы дамытуға арналған басқа да ерекше нақты іс-шаралар қолданылады.

51. Аумақтық кластерді дамыту жөніндегі жұмыстар жоспарын іске асыру бойынша өтемақы алу үшін өтініш беруші ұлттық институтқа жыл қорытындысы мен растаушы құжаттар бойынша Аумақтық кластерді дамыту жөніндегі жұмыстар жоспарын іске асыру бойынша өтініш берушінің есебін қоса бере отырып, аумақтық кластерді дамытуға бағытталған мемлекеттік қолдау шарасын алуға берілетін өтінішті осы Қағидаларға 6–қосымшаға сәйкес нысан бойынша, мыналар (бірақ шектеліп қалмай):

1) Аумақтық кластерді дамыту жөніндегі жұмыстар жоспарының көшірмесін;

2) өтініш беруші мен көрсетілетін қызметтерді ұсынатын (жұмыстарды орындайтын) орындаушы арасында жасалған шарттың көшірмесін;

3) орындаушы көрсеткен қызметтер/орындаған жұмыстар актілерінің көшірмелерін;

4) орындаушы көрсеткен қызметтердің/орындаған жұмыстардың жалпы сомасына жасалған шот-фактуралардың көшірмелерін;

5) орындаушы көрсеткен қызметтердің/орындаған жұмыстардың жалпы сомасына жасалған төлем құжаттарының көшірмелері қамтылған растау құжаттарын ұсынады.

Өтініш беруші ұсынылған құжаттардың, ақпараттың, бастапқы деректердің, есептеулердің, негіздемелердің толықтығын және дұрыстығын қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік қолдау шарасын алуға берілген өтініштің материалдары бірыңғай папкаға жинақталады, мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде ресімделеді, құжаттардың көшірмелерінің әрбір парағын бірінші басшы немесе оның міндетін атқарушы (бірінші басшының міндетін атқару туралы растау құжаты бар болатын кезде) немесе оның уәкілетті тұлғасы (сенімхаты бар болатын кезде) және өтініш берушінің мөрімен (бар болса) куәландырылады.

52. Ұлттық институт өтінішті қоса берілген құжаттардың топтамасымен тіркеген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде құжаттардың толық болуы тұрғысынан сараптама жүргізеді.

53. Құжаттардың топтамасы толық ұсынылмаған жағдайда, ұлттық институт толықтығын тексеру күні аяқталған соң бір жұмыс күні ішінде өтініш берушіге поштамен және/немесе өтініш берушінің өтінішінде көрсетілген электрондық пошта (бар болса) мекенжайына сәйкессіздігін көрсете отырып, хабарлама жолдайды.

54. Өтініш беруші сәйкессіздігі туралы хабарламаны алғаннан кейін оларды жояды және өтініш пен оған қоса берілетін құжаттарды ұлттық институтқа қайта енгізеді.

55. Ұлттық институт өтінішке қоса берілген құжаттардың топтамасымен олардың толықтығын тексеру өткізілген күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде олардың осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігіне сараптама жүргізеді.

56. Осы Қағидалардың талаптарына сәйкестікке сараптама өткізгеннен кейін Аумақтық кластерді дамыту жөніндегі жұмыстар жоспарын іске асыруға берілген өтініш бойынша ұлттық институт үш жұмыс күні ішінде шығындарды өтеу мүмкіндігі немесе өтеу мүмкін еместігі туралы шешім қабылдайды.

57. Ұлттық институт шығындарды өтеу мүмкін еместігі туралы шешім қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіге хабарлама жолдайды.

58. Ұлттық институт өтініштің және қоса берілген құжаттардың осы Қағидалардың талаптарына сәйкессіздігін анықтауға байланысты шығындарды өтеу мүмкін еместігі туралы шешім қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіге белгіленген талаптарға сәйкессіздігін көрсете отырып, хабарлама жолдайды.

59. Конкурс жеңімпазы етіп тану туралы уәкілетті органның шешімі негізінде ұлттық институт Аумақтық кластерді дамыту жөніндегі жұмыстар жоспарын іске асыру бойынша шығындарды өтеу мүмкіндігі туралы шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтніш берушіге мемлекеттік қолдау шарасы бойынша өтеу шарттары мен көлемдеріне сәйкес шығындарды төлеуді жүзеге асырады, бұл ретте өтініш берушіге ақша қаражатын аударғаны үшін ұлттық институтқа сыйақы көзделмеген.

## 4-тарау. "Индустриялық-инновациялық жобаның кешенді жоспарын әзірлеуге және/немесе сараптауға жұмсалған шығындарды өтеу", "Кәсіпорын құзыретін арттыруға жұмсалған шығындарды өтеу", "Технологиялық процестерді жетілдіруге жұмсалған шығындарды өтеу", "Өндірісті ұйымдастыру тиімділігін арттыруға жұмсалған шығындарды өтеу" мемлекеттік қызметтерін көрсету тәртібі

Ескерту. 4-тараудың атауы жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 07.06.2021 № 280 (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Қағида 4-тараумен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 12.06.2020 № 348 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**1-параграф. "Индустриялық-инновациялық жобаның кешенді жоспарын әзірлеуге және/немесе сараптауға жұмсалған шығындарды өтеу" мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі**

Ескерту. 4-тарау 1-параграфтың атауымен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 07.06.2021 № 280 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

60. Индустриялық-инновациялық жобаның кешенді жоспарын әзірлеуге және/немесе сараптауға арналған шығындарды өтеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі осы параграфта – мемлекеттік көрсетілетін қызмет)" QazIndustry "Қазақстандық индустрия және экспорт орталығы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Ескерту. 60-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 07.06.2021 № 280 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

61. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты нысанында жазылған (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетңлетін қызмет стандарты) негізінде көрсетіледі.

62. Мемлекеттік қызметті көрсетілетін қызметті беруші заңды тұлғалардың – экономиканың басым секторларында индустриялық-инновациялық жобаларды іске асыратын не акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде мемлекетке, ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке, ұлттық компанияға ( әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациядан, сондай-ақ мемлекеттік-жеке серіктестік туралы шарт шеңберінде құрылған кәсіпкерлер) тиесілі индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінен басқа отандық өңделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді ішкі және/немесе сыртқы

нарықта жылжыту бойынша қызметті жүзеге асыратын индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің (бұдан әрі осы параграфта – көрсетілетін қызметті алушы) өтініш арқылы көрсетеді:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне;

2) Мемлекеттік корпорацияға;

3) Порталға.

Ескерту. 62-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 07.06.2021 № 280 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

63. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы алу үшін көрсетілетін қызметті алушы кеңсе қызметкеріне мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көрсетілген өтінім мен құжаттарды ұсынады.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың толықтығын тексереді және ұсынылған құжаттардың толық болмау және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсыну фактісі анықталған жағдайда, өтінімді тіркеуден бас тартады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көрсетілген өтінімдер мен құжаттарды олар түскен күні тіркеуді жүзеге асырады (сағат 17.30-дан кейін түскен жағдайда, өтінім келесі жұмыс күні тіркеледі) және жауапты орындаушы тағайындалатын көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жолдайды.

Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталған жағдайда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Қағаз жеткізгіштегі өтінімнің қабылданғанын растау оның көшірмесіндегі құжаттар топтамасын қабылдау күні мен уақытын көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркелгені туралы белгі болып табылады.

64. Мемлекеттік корпорацияға жүгіну арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік корпорация қызметкеріне өтінімді және мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

Мемлекеттік корпорацияның қызметкері көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың толықтығын тексереді және ұсынылған құжаттардың толық болмау және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсыну фактісі анықталған жағдайда өтінімді тіркеуден бас тартады және осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көрсетілген құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда, Мемлекеттік корпорация қызметкері көрсетілетін қызметті алушының деректерін мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізеді, көрсетілетін қызметті алушының деректерін электрондық өтінімге енгізеді, оған көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды сканерлеу арқылы (PDF форматында) енгізеді және құжаттардың толық топтамасын көрсетілетін қызметті берушіге ақпараттық жүйе және пошта арқылы бір жұмыс күні ішінде жібереді.

65. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 07.06.2021 № 280 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

66. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы өтінімді және оған қоса берілген құжаттарды қарайды және 10 (он) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін не көрсетілетін қызметті берушінің басшысы немесе оның орнындағы адам қол қойған осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту туралы жазбаша түрде дәлелді жауап ресімдейді.

67. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 07.06.2021 № 280 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

68. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Портал арқылы алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге жүгінеді және өтінімді толтырады және "Индустриялық-инновациялық жобаның кешенді жоспарын әзірлеуге және/немесе сараптауға жұмсалған шығындарды өтеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көрсетілген құжаттардың электрондық пакетін қоса береді.

Өтініш беруші құжаттардың электрондық топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, ақпараттық жүйе электрондық өтінімді тіркеуден бас тартады.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін мәліметтерді қабылдау туралы мәртебе көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес мәліметтерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" электрондық құжат нысанында жіберілетін және сақталатын "индустриялық-инновациялық жобаның кешенді жоспарын әзірлеуге және/немесе сараптамаға арналған шығындарды өтеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша шығындарды өтеу туралы келісім не мемлекеттік қызмет көрсетуден жазбаша дәлелді бас тарту мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі болып табылады.

Ескерту. 68-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 07.06.2021 № 280 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

69. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 07.06.2021 № 280 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

70. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 07.06.2021 № 280 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

71. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 07.06.2021 № 280 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

72. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 07.06.2021 № 280 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 2-параграф. "Кәсіпорынның құзыретін арттыруға жұмсалған шығындарды өтеу" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

Ескерту. 4-тарау 2-параграфпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 07.06.2021 № 280 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

73. "Кәсіпорынның құзыретін арттыруға жұмсалған шығындарды өтеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі осы параграфта – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) қызметті беруші жеке және/немесе заңды тұлғалардың – экономиканың басым секторларында индустриялық-инновациялық жобаларды іске асыратын не акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде мемлекетке, ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке, ұлттық компанияға ( әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациядан, сондай-ақ мемлекеттік-жеке серіктестік туралы шарт шеңберінде құрылған кәсіпкерлер) тиесілі индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінен басқа отандық өңделген

тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді ішкі және/немесе сыртқы нарықта жылжыту бойынша қызметті жүзеге асыратын индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің (бұдан әрі осы параграфта – көрсетілетін қызметті алушы) өтініш арқылы көрсетеді:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне;

2) Порталға.

74. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес " Кәсіпорынның құзыретін арттыруға арналған шығындарды өтеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында жазылған.

75. Мемлекеттік қызметті көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне немесе Портал арқылы жүгінуі арқылы көрсетеді.

76. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы кеңсе қызметкеріне "Кәсіпорынның құзыретін арттыруға жұмсалған шығындарды өтеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көрсетілген өтінім мен құжаттарды ұсынады.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың толықтығын тексереді және ұсынылған құжаттардың толық емес және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттар фактісі анықталған жағдайда, өтінімді тіркеуден бас тартады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері өтінімді және мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көрсетілген құжаттарды олар келіп түскен күні (сағат 17.30-дан кейін келіп түскен жағдайда, өтінім келесі жұмыс күні тіркеледі) тіркеуді жүзеге асырады және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушы тағайындалатын басшысына жолдайды.

Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталған жағдайда, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Қағаз тасығыштағы өтінімнің қабылданғанын растау оның көшірмесінде құжаттар топтамасының қабылданған күні мен уақыты көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркелгені туралы белгі болып табылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін беруді көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі қолма-қол немесе пошта арқылы жүзеге асырады.

77. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Портал арқылы алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге жүгінеді және өтінімді толтырады және "Кәсіпорынның құзыретін арттыруға жұмсалған шығындарды өтеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көрсетілген құжаттардың электрондық топтамасын тіркейді.

Өтініш беруші құжаттардың электрондық топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, ақпараттық жүйе электрондық өтінімді тіркеуден бас тартады.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін мәліметтерді қабылдау туралы мәртебе көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес мәліметтерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының " жеке кабинетінде" электрондық құжат нысанында жіберілетін және сақталатын " Кәсіпорынның құзыретін арттыруға арналған шығындарды өтеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша шығындарды өтеу туралы келісім не мемлекеттік қызметті көрсетуден жазбаша дәлелді бас тарту болып табылады.

78. Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы өтінімді және оған қоса берілген құжаттарды қарайды және 10 (он) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 4 -қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін не көрсетілетін қызметті берушінің басшысы не оны алмастыратын адам қол қойған "Кәсіпорынның құзыретін арттыруға арналған шығындарды өтеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден жазбаша дәлелді бас тартуды ресімдейді.

**3-параграф. "Технологиялық процестерді жетілдіруге жұмсалған шығындарды өтеу"**

Ескерту. 4-тарау 3-параграфпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 07.06.2021 № 280 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

79. "Технологиялық процестерді жетілдіруге жұмсалған шығындарды өтеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі осы параграфта – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) қызметті беруші жеке және/немесе заңды тұлғалардың –

экономиканың басым секторларында индустриялық-инновациялық жобаларды іске асыратын не акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде мемлекетке, ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке, ұлттық компанияға ( әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациядан, сондай-ақ мемлекеттік-жеке серіктестік туралы шарт шеңберінде құрылған кәсіпкерлер) тиесілі индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінен басқа отандық өңделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді ішкі және/немесе сыртқы нарықта жылжыту бойынша қызметті жүзеге асыратын индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің (бұдан әрі осы параграфта – көрсетілетін қызметті алушы) өтініш арқылы көрсетеді:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне;

2) Порталға.

80. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес " Технологиялық процестерді жетілдіруге арналған шығындарды өтеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында жазылған.

81. Мемлекеттік қызметті көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне немесе Портал арқылы жүгінуі арқылы көрсетеді.

82. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы алу үшін көрсетілетін қызметті алушы кеңсе қызметкеріне " Технологиялық процестерді жетілдіруге жұмсалған шығындарды өтеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көрсетілген өтінім мен құжаттарды ұсынады.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың толықтығын тексереді және ұсынылған құжаттардың толық емес және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттар фактісі анықталған жағдайда, өтінімді тіркеуден бас тартады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері өтінімді және " Технологиялық процестерді жетілдіруге жұмсалған шығындарды өтеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көрсетілген құжаттарды олар келіп түскен күні (сағат 17.30-дан кейін келіп түскен жағдайда, өтінім келесі жұмыс күні тіркеледі) тіркеуді жүзеге асырады және көрсетілетін қызметті берушінің орындаушы тағайындалатын басшысына жолдайды.

Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталған жағдайда, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Қағаз тасығыштағы өтінімнің қабылданғанын растау оның көшірмесінде құжаттар топтамасының қабылданған күні мен уақыты көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркелгені туралы белгі болып табылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін беруді көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі қолма-қол немесе пошта арқылы жүзеге асырады.

83. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Портал арқылы алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге жүгінеді және өтінімді толтырады және "Технологиялық процестерді жетілдіруге жұмсалған шығындарды өтеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көрсетілген құжаттардың электрондық топтамасын тіркейді.

Өтініш беруші құжаттардың электрондық топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, ақпараттық жүйе электрондық өтінімді тіркеуден бас тартады.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін мәліметтерді қабылдау туралы мәртебе көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына және кодексіне сәйкес мәліметтерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының " жеке кабинетінде" электрондық құжат нысанында жіберілетін және сақталатын " Технологиялық процестерді жетілдіруге арналған шығындарды өтеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша шығындарды өтеу туралы келісім не мемлекеттік қызметті көрсетуден жазбаша дәлелді бас тарту болып табылады.

84. Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы өтінімді және оған қоса берілген құжаттарды қарайды және 10 (он) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 4 -қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін не көрсетілетін қызметті берушінің басшысы не оны алмастыратын адам қол қойған "Технологиялық процестерді жетілдіруге жұмсалған шығындарды өтеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден жазбаша дәлелді бас тартуды ресімдейді.

**4-параграф. "Өндірісті ұйымдастыру тиімділігін арттыруға жұмсалған шығындарды өтеу"**

Ескерту. 4-тарау 4-параграфпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 07.06.2021 № 280 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

85. "Өндірісті ұйымдастыру тиімділігін арттыруға жұмсалған шығындарды өтеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі осы параграфта – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) қызметті беруші жеке және/немесе заңды тұлғалардың – экономиканың басым секторларында индустриялық-инновациялық жобаларды іске асыратын не акцияларының ( жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде мемлекетке, ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке, ұлттық компанияға (әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациядан, сондай-ақ мемлекеттік-жеке серіктестік туралы шарт шеңберінде құрылған кәсіпкерлер) тиесілі индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінен басқа отандық өңделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді ішкі және/немесе сыртқы нарықта жылжыту бойынша қызметті жүзеге асыратын индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің (бұдан әрі осы параграфта – көрсетілетін қызметті алушы) өтініш арқылы көрсетеді:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне;

2) Порталға.

86. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес " Өндірісті ұйымдастыру тиімділігін арттыруға арналған шығындарды өтеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында жазылған.

87. Мемлекеттік қызметті көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне немесе Портал арқылы жүгінуі арқылы көрсетеді.

88. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы кеңсе қызметкеріне "Өндірісті ұйымдастыру тиімділігін арттыруға жұмсалған шығындарды өтеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көрсетілген өтінім мен құжаттарды ұсынады.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың толықтығын тексереді және ұсынылған

құжаттардың толық емес және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттар фактісі анықталған жағдайда, өтінімді тіркеуден бас тартады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері өтінімді және " Өндірісті ұйымдастыру тиімділігін арттыруға арналған шығындарды өтеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көрсетілген құжаттарды олар келіп түскен күні (сағат 17.30-дан кейін келіп түскен жағдайда, өтінім келесі жұмыс күні тіркеледі) тіркеуді жүзеге асырады және көрсетілетін қызметті берушінің орындаушы тағайындалатын басшысына жолдайды.

Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталған жағдайда, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Қағаз тасығыштағы өтінімнің қабылданғанын растау оның көшірмесінде құжаттар топтамасының қабылданған күні мен уақыты көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркелгені туралы белгі болып табылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін беруді көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі қолма-қол немесе пошта арқылы жүзеге асырады.

89. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Портал арқылы алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге жүгінеді және өтінімді толтырады және "өндірісті ұйымдастыру тиімділігін арттыруға жұмсалған шығындарды өтеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көрсетілген құжаттардың электрондық топтамасын тіркейді.

Өтініш беруші құжаттардың электрондық топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, ақпараттық жүйе электрондық өтінімді тіркеуден бас тартады.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін мәліметтерді қабылдау туралы мәртебе көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына және кодексіне сәйкес мәліметтерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының " жеке кабинетінде" электрондық құжат нысанында жіберілетін және сақталатын " Өндірісті ұйымдастыру тиімділігін арттыруға арналған шығындарды өтеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша шығындарды өтеу туралы келісім не мемлекеттік қызметті көрсетуден жазбаша дәлелді бас тарту болып табылады.

90. Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы өтінімді және оған қоса берілген құжаттарды қарайды және 10 (он) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 4 -қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін не көрсетілетін қызметті берушінің басшысы не оны алмастыратын адам қол қойған "Өндірісті ұйымдастыру тиімділігін арттыруға арналған шығындарды өтеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша Мемлекеттік қызмет көрсетуден жазбаша дәлелді бас тартуды ресімдейді.

**5-параграф. Қорытынды ережелер**

Ескерту. 4-тарау 5-параграфпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 07.06.2021 № 280 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

91. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

92. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті органға, Мемлекеттік корпорацияға, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

93. Көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 25-бабының 2-тармағына сәйкес қаралуға жатады:

Мемлекеттік корпорация, уәкілетті орган - оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган - ол тіркелген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде.

94. Уәкілетті органның, мемлекеттік корпорацияның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 25-бабының 4-тармағына сәйкес қажет болған жағдайларда он жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап үш жұмыс күні ішінде шағым берген көрсетілетін қызметті алушыға ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

95. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

Еңбек өнімділігін арттыруға
және аумақтық кластерлерді
дамытуға бағытталған
индустриялық-
инновациялық қызмет
субъектілеріне
мемлекеттік қолдауды ұсыну
қағидаларына
1-қосымша

**Еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған мемлекеттік қолдауды ұсыну үшін экономиканың басым секторларының тізбесі**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 12.06.2020 № 348 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуішінің коды | Атауы |
|---|---|
| 1 | 2 |
| Агроөнеркәсіп кешені | |
| 10 | Тамақ өнімдерін өндіру |
| 11.07 | Минералды сулар және басқа да алкогольсіз сусындар өндіру |
| Жеңіл және ағаш өңдеу өнеркәсібі | |
| 13 | Текстиль бұйымдарын өндіру |
| 14 | Киім-кешек өндірісі |
| 15 | Тері және оған қатысты бұйымдар өндіру |
| 16 | Ағаш және тығын бұйымдарын өндіру, жиһаздан басқа, сабаннан бұйымдар жасау және өруге арналған материалдар |
| 17 | Қағаз және қағаз өнімдерін өндіру |
| 31 | Жиһаз жасау |
| Химия және фармацевтика өнеркәсібі | |
| 19.20 | Мұнай өңдеу өнімдерін өндіру |
| 20 | Химия өнеркәсібінің өнімдерін өндіру |

| | |
|---|---|
| 21 | Негізгі фармацевтика өнімдері мен препараттарын өндіру |
| Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуішінің коды | Атауы |
| 1 | 2 |
| 22 | Резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіру |
| Құрылыс материалдарын және өзге де бейметалл минерал өнімдер өндірісі | |
| 23 | Өзге де бейметалл минерал өнімдер өндірісі |
| Металлургия, металл өңдеу, машина жасау | |
| 24 | Металлургия өнеркәсібі |
| 25 | Дайын металл бұйымдар өндірісі, машиналар мен жабдықтардан басқа |
| 26 | Компьютерлер, электрондық және оптикалық өнімдер өндірісі |
| 27 | Электрлік жабдықтар өндірісі |
| 28 | Басқа санаттарға қосылмаған машиналар мен жабдықтар өндірісі |
| 29 | Автокөлік құралдарын, трейлерлер мен жартылай тіркемелер өндірісі |
| 30 | Өзге көлік құралдарын өндіру |
| 33 | Машиналар мен жабдықтарды жөндеу және орнату |
| 33.1 | Дайын металл бұйымдарды, машиналар мен жабдықтарды жөндеу |
| 33.2 | Өнеркәсіп техникасы мен жабдықтарының монтажы |
| Өнеркәсіптің басқа да секторлары | |
| 32 | Өзге де дайын бұйымдарды өндіру |
| 35.11 | Электр энергиясын өндіру |
| 38.21 | Қауіпті емес қалдықтарды өңдеу және жою |
| 38.22 | Қауіпті қалдықтарды өңдеу және жою |
| 38.32 | Сұрыпталған материалдарды кәдеге жарату |
| 82.92 | Буып-түю |
| Көлік және қоймалау | |
| 50 | Су көлігі |
| 51 | Әуе көлігі |

Еңбек өнімділігін арттыруға
және аумақтық кластерлерді
дамытуға бағытталған
индустриялық-
инновациялық қызмет
субъектілеріне
мемлекеттік қолдауды ұсыну
қағидаларына
2-қосымша

нысан

Индустрияны дамыту
саласындағы ұлттық дамыту

институты

_______________________

(ұлттық институттың атауы)

_______________________

(өтініш берушінің атауы)

**Еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын алуға өтінім (өтініш беруші бланкіде толтырады (бар болса)**

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 12.06.2020 № 348 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Өтінім берушінің атауы

2. Заңды және нақты мекенжайы (индексі, облысы, қаласы/ауданы, елді мекені, көшесі, телефоны) (болған жағдайда)

3. Бірінші басшының немесе жеке кәсіпкердің деректері (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (бұдан әрі – Т.А.Ә.)), лауазымы, жұмыс немесе ұялы телефонының нөмірі, электрондық мекенжайы)

4. Өтінім берушінің БСН (бизнес сәйкестендіру нөмірі)/ ЖСН (жеке сәйкестендіру нөмірі)

5. Орындаушының БСН (бизнес сәйкестендіру нөмірі)/ ЖСН (жеке сәйкестендіру нөмірі) (егер орындаушы Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын жағдайда)

6. Өтінім берушінің мемлекеттік тіркелу (қайта тіркелу) нөмірі (болған кезде) мен күні

7. Орындаушының мемлекеттік тіркелу (қайта тіркелу) нөмірі (болған кезде) мен күні (егер орындаушы Қазақстан Республикасының резиденті болып табылаған жағдайда)

8. Негізгі қызмет түрі (экономикалық қызметтің жалпы жіктеуішінің кодын көрсете отырып)

9. Шығарылатын өнімнің атауы

10. Жылына ағымдағы еңбек өнімділігі (адам/мың теңге және адам/мың АҚШ доллары)*

11. Өтінім беруші мемлекеттік және/немесе салалық Бағдарламалардың қатысушысы болып табылды (табылады) ма? (егер "иә" деп жауап берілсе, онда мемлекеттік қолдауды алған жылын, қандай Бағдарламалардың шеңберінде және мемлекеттік қолдаудың қандай шараларын алғанын көрсетіңіз) (мысалы, 2019 жыл, еңбек өнімділігін арттыруға, кәсіпорынның құзыретін арттыруға бағытталған мемлекеттік қолдау шаралары)

12. Еңбек өнімділігін арттыруға және аумақтық кластерлерді дамытуға бағытталған индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне мемлекеттік қолдауды ұсыну қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) шеңберінде мемлекеттік қолдаудың қандай шарасын пайдалану жоспарланып отыр (қажеттісін белгілеңіз ☐
):

☐
Кәсіпорынның құзыретін арттыру;

☐
Индустриялық-инновациялық жобаның кешенді жоспарын әзірлеу және/немесе сараптау;

☐
Технологиялық процестерді жетілдіру;

☐
Өндірістерді ұйымдастыру тиімділігін арттыру;

13. Өтінім берушінің банк деректемелерін көрсету керек.

Өтінім беруші аталған өтінішпен ұсынылған ақпараттың дұрыстығына кепілдік береді және ұсынылған құжаттардың, бастапқы деректердің, есептеулердің, негіздемелердің толық болуы мен түпнұсқалығы үшін жауапкершілікті өзіне алады.

Өтінім беруші дұрыс емес ақпаратты ұсынған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

Өтінім беруші мемлекеттік қолдаудың сұралатын шаралары шеңберінде келтірілген іс-шаралар бойынша шығындардың Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген мемлекеттік қолдаудың өзге де шаралары шеңберінде республикалық және/немесе жергілікті бюджеттер есебінен қаржыландырылмайтындығын растайды.

Мемлекеттік қолдау шараларын алуға берілетін өтінімді толтырған байланысу тұлғасы (Т.А.Ә.), лауазымы, жұмыс/ұялы телефонының нөмір, электрондық мекенжайы): __________________.

Осы Өтінімге мынадай құжаттар мен құжаттардың көшірмелерін қоса беремін:

1) _____________________;
2) _____________________;
3) _____________________;
4) _____________________;

5) ____________________.

"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы арқылы өтінім берген кезде, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келіседі.

Өтінімдітолтырған күні ___________

Өтінім берушінің бірінші басшысы (міндетін атқарушы тұлға (бірінші басшының міндетін атқару туралы растау құжаты бар болатын кезде), жеке кәсіпкер немесе олардың уәкілетті тұлғасы (сенімхаты болған кезде) немесе жеке тұлға

____________ ___________________________________

(қолы) (Т.А.Ә.)

Мөрдің орны (бар болса)

Ескертпе:

* Еңбек өнімділігі жалпы қосылған құнның немесе өндірілген өнім көлемінің (аралық тұтыну бойынша деректер болмаған кезде) жұмыспен қамтылғандар санына арақатынасы ретінде есептеледі.

Еңбек өнімділігін арттыруға
және аумақтық кластерлерді
дамытуға бағытталған
индустриялық-инновациялық
қызмет субъектілеріне
мемлекеттік қолдауды ұсыну
қағидаларына 3-қосымша

Нысан

**Орындаушының қызметтер көрсету (жұмыстарды орындау) қорытындысы бойынша өтініш берушінің есебі (өтініш беруші бланкіде толтырады (бар болса)**

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 12.06.2020 № 348 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

(өтініш беруші бланкіде толтырады (бар болса)

1. Өтініш берушінің және Орындаушының атауы, Орындаушының байланыс деректері (нақты мекен жайы, телефоны)

2. Өтініш берушінің экономиканың басым секторларындағы қызметінің қысқаша сипаттамасы

3. Көрсетілген қызметтер (орындалған жұмыстар) шартының немесе еңбек шартының атауы, күні және сомасы

4. Көрсетілген қызметтердің (орындалған жұмыстардың) немесе еңбектің қажеттілігін сипаттау

5. Көрсетілген қызметтердің (орындалған жұмыстардың) нәтижелері (күтілетін нәтиже).

Өтініш берушінің бірінші басшысы (міндетін атқарушы тұлға (бірінші басшының міндетін атқару туралы растау құжаты бар болатын кезде), жеке кәсіпкер немесе олардың уәкілетті тұлғасы (сенімхаты бар болса) немесе жеке тұлға

_____________ ______________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Мөрдің орны (бар болса)

Еңбек өнімділігін арттыруға
және аумақтық кластерлерді
дамытуға бағытталған
индустриялық-инновациялық
қызмет субъектілеріне
мемлекеттік қолдауды ұсыну
қағидаларына 4-қосымша
нысан

## Шығындарды өтеу туралы келісім

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 12.06.2020 № 348 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

___________ қаласы 20 ___жылғы "___"_________

Бұдан әрі "ұлттық институт" деп атала отырып, ___________________________ _ негізінде әрекет ететін ___________________________________________________ атынан "QazIndustry" "Қазақстандық индустрия және экспорт орталығы" акционерлік қоғамы бір тараптан және бұдан әрі "Өтініш беруші" деп аталатын, _ ________________________________________ негізінде әрекет ететін _____________ _______________________ атынан (басшының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) ____________________________________, (Өтініш берушінің толық атауы) екінші тараптан, бірлесіп "Тараптар", ал әрқайсысы жеке "Тарап" деп аталатындар Еңбек өнімділігін арттыруға және аумақтық кластерлерді дамытуға бағытталған индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) негізінде төмендегілер туралы осы Шығындарды өтеу туралы келісімді (бұдан әрі - Келісім) жасасты:

## 1. Келісімнің мәні

1. Ұлттық институт өтінішке сәйкес толықтай көлемде ___________ (сомасы жазумен) теңге сомасында ________________________________________ шығындарды өтеу (шығындар түрі) түрінде Қағидалар шеңберінде "___________ ___________________________________________" мемлекеттік қолдау шарасын ( мемлекеттік қолдау шарасының атауы) ұсынуға, ал Өтініш беруші осы Келісімнің 5-тармағы 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қолдау шарасының нысаналы индикаторына қол жеткізуге міндеттенеді.

2. Өтініш беруші шығындарды өтеу шеңберінде шетел валютасындағы шығыстарды растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда, шығындарды өтеу сомасы Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің валюта бағамына байланысты өтініш берушінің көрсетілген қызметтер (орындалған жұмыстар) үшін орындаушыға төлем жасаған күніне немесе шетелдік жұмыскерлерді тарту кезінде жалақыны төлеу күніне есептеледі.

3. Ағымдағы шотта мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну үшін қажетті ақша қаражаты жеткіліксіз болатын жағдайда, ұлттық институт шығындарды өтеуді ағымдағы шотқа бюджеттік бағдарлама әкімшісінен қаражат келіп түскенге дейін тоқтата тұрады.

**2. Тараптардың міндеттемелері**

4. Ұлттық институт:

1) Өтініш берушіге Қағидаларды іске асырумен байланысты, Келісімді орындауға елеулі ықпал етуге жарамды барлық өзгерістер туралы хабардар етуге;

2) осы Келісімге қол қойылған күннен бастап екі жылдың ішінде мемлекеттік қолдау шарасының іске асырылуына мониторинг жүргізуге міндеттенеді.

5. Өтініш беруші:

1) Ұлттық институтқа индустриялық даму саласындағы уәкілетті органға және ұлттық институтқа бастапқы статистикалық ақпаратты тарату туралы мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органға әрі қарай жолдау үшін актісіне (актілерге) қол қойған күннен 2 (екі) жыл және 2 (екі) жыл өткеннен кейінгі деректерді қоса алғанда, индустрия саласындағы уәкілетті органға және ұлттық институтқа бастапқы статистикалық деректерді таратуға келісімді ұсыныды. Шығындарды өтеу туралы келісім жасалған күн ұлттық институтың өтінім беруші шығындарды өтеу туралы келісімге қол қойған күні болып саналады. Бастапқы статистикалық деректерді таратуға келісім нысаны осы Келісімнің қосымшасында келтірілген;

2) мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның бастапқы статистикалық деректер негізінде мемлекеттік қолдау шараларының іске

асырылу мониторингін алуы және/немесе өткізуі мүмкін болмаған жағдайда, ұлттық институттың жазбаша сұрау салуын алған күннен бастап күнтізбелік 30 ( отыз) күннің ішінде мониторинг өткізу үшін қажетті деректерді ұсынуға;

3) мемлекеттік қолдау шарасын алу құқығы туындаған сәттен бастап екі жыл ішінде (өтелетін шығындар бойынша көрсетілген қызметтердің (орындалған жұмыстардың) актісіне (құжаттарына) қол қойылғаннан кейін) мемлекеттік қолдау шарасының нысаналы индикаторларына қол жеткізу үшін:

- осы Келісімнің 1 тармағына сәйкес кәсіпорынның өнім сатудан және қызмет көрсетуден түскен кірісінің көлемін кемінде 10%-ға ұлғайтуға мемлекеттік қолдау шараларын іске асыруды мониторингтеуді ұлттық институтың жүргізуі мақсатында өтелетін шығындар бойынша көрсетілген қызметтер (орындалған жұмыстар);

- салық шегерімдерін кемінде 10% -ға ұлғайтуға (корпоративтік табыс салығы үшін).

4) ұлттық институттың жазбаша сұрау салуына сәйкес, ұлттық институттан оны алған күннен бастап күнтізбелік отыз күннің ішінде осы тармақтың 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қолдау шарасы бойынша нысаналы индикаторға қол жеткізілмеген жағдайда, мемлекеттік қолдау шарасының іске асырылу барысы туралы ақпаратты ұсынуға;

5) Келісім шарттары бұзылатын жағдайда, ұлттық институттың шығындарды өтеу түрінде мемлекеттік қолдау шарасы бойынша берген ақша қаражатын ұлттық институттан тиісті хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннің ішінде қайтаруды қамтамасыз етуге;

6) мемлекеттік қолдау шарасын іске асыру шеңберінде ұсынылған ақпараттың, бастапқы деректердің, есептеулердің, негіздемелердің толық болуын , уақтылы ұсынылуын және дұрыстығын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

**3. Тараптардың құқықтары**

6. Ұлттық институт:

